

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshchan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 17.01.45

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.19>*Ж.Б. БОЛАТБЕКОВА¹ Б. Д. ЖҰМАҚАЕВА² 

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан¹
Сүлейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан²
(e-mail: zhandai@bk.ru¹, d.bereke2009@mail.ru²)

АБАЙДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАЛАРЫН САЛЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – Абай шығармаларының қазақ әдебиетіне, мәдениетіне деген қызығушылықтың артуына түрткі болуы нәтижесінде ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра оқытудың теориялық негіздерін қарастыру мәселесі.

Қазақтың бас ақыны – Абай мұрасы қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетінде ерекше орынға ие. Себебі, Абай – бір ғана ұлтқа тән шеңберде қалып қоймай, барша адамзаттың рухани биігіне дейін көтерілген қайталанбас тұлға. Абайдың туындыларында көтерілген мәселелер тек қана қазақ халқы емес, өзге ұлт өкілдері үшін де өзекті. Ақынның шығармаларында жалпы адамзат баласына тән құндылықтар жайлы сөз қозғалып, өмір болмысы жайында жасаған ой-толғамдары шетелдік оқырмандар санасында жылы лебізге ие болған. Абайға деген қызығушылық жылдан жылға арта түсуде. Ақынның шығармаларын аудару ісі көршілес елдің тілдеріне аударудан, кейін 1995 жылы бүкіл әлемдік қауымдастық Абайдың 150 жылдығын ЮНЕСКО қамқорлығымен атап өткен кезде кең өріс алды.

Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын түпнұсқа мәтінмен салыстыра оқыту арқылы қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне деген шетелдік студенттердің қызығушылығын арттып қана қоймай, ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтарды тереңірек түсіндіріп, танытуға қолайлы мүмкіндіктер жасауға болады.

Түйін сөздер: Абай; өлеңдер; аудармалар; салыстыра оқыту; мәтінді талдау.

Кіріспе. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай, «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1] - деп атап

көрсетеді. Абайдың шығармашылығын тек қана өзімізге ғана тән ұлттық болмыс құндылықтарының жиынтығы деп айту қате пікір болмақ. Себебі ақынның туындыларындағы айтылатын мәселелер жалпыадамзаттық құндылықтарды шоғырландырған өнегелі ой-түйіндерінің жиынтығы.

Абайды тану, ақынның шығармашылығын көпшілікке таныстыру мәселесі Абай қайтыс болғаннан кейін бірден қолға алынған болатын. Көзі тірісінде қағаз бетіне түспей қалған қаншама шығармаларын жинақтап, баспаға шығарып, ақынның өмірбаяны жайында алғашқы деректерді Кәкітай Ысқақұлы мен баласы Тұрағұл Абайұлы жарыққа шығарған. Абайды зерттеу, шығармаларын шет тілдеріне аудару мәселесі өз бастамасын Ә. Бөкейханов пен оның ізбасарлары, ағайынды Белослюдовтардың қосқан үлкен еңбегі мен зерттеуші ғалым М. Сильченконың зерттеулерінен басталды.

Абайдың шығармаларын аудару мәселесімен айналысып, ақынның 125 жылдық мерейтойына қарай 1970 жылы «Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар» жинағы орыс тілінен ағылшын тіліне аударылып жарық көрді. Жинақтағы шығармаларды орыс тілінен ағылшын тіліне аударған Ольга Шартсе, Том Биттинг, Ирина Железнова, Дориан Роттенберг тәрізді аудармашылар болды.

Абай шығармаларын шет тілдеріне аудару 1995 жылы бүкіл әлем қауымдастығы оның 150 жылдығын ЮНЕСКО бастамасымен атап өткен кезде кеңінен таралды. Абайдың мерейтойлық жылында оның таңдаулы шығармаларының кітаптары көптеген тілдерде жарияланды. Абайдың 150 жылдығына орай халықаралық конференциялар, коллоквиумдар мен салтанатты кездесулер әлемнің көптеген қалаларында: Лондон, Вашингтон, Стамбұл және Пекин сияқты; «Абай күндері» Германия, Венгрия, Египет, Үндістан, Пәкістан, Иран сынды мемлекеттерде атап өтілді.

1995 жылы отандық жазушы Роллан Сейсембаевтың ұйымдастыруымен Абайдың «Қарасөздері» ақын мен аудармашы Ричард Маккейн арқылы ағылшын тіліне аударылды. Осы аудармалардың нәтижесінде газеттер мен журналдарда Абайдың шығармашылығына баға берген шетелдік оқырмандар, ғалымдар мен әдебиеттанушылардың кең ауқымы Абайдың қарасөздер жинағына қол жеткізді.

Атаулы шаралардың бірі ретінде, Абайдың «Қарасөздер» жинағының индонезия тілінде аударылып, индонезиялық оқырмандарға Абайдың 175 жылдығына арналған онлайн іс-шара барысында Қазақстанның Индонезиядағы Елшісі Данияр Сарекенов арқылы жүзеге асты. Қазақстандық дипломат «Қарасөздердің» көптеген ойлары мен тұжырымдары әлі күнге өзектілігін жоғалтпағанын және әлем халықтарының ортақ мұрасы болып табылатынын ерекше атап өтеді [2].

Абайды зерттеу, Абайды тану мәселесі жылдан жылға мемлекет көлемінде ғана емес, көршілес, тіпті шетелдік деңгейде үлкен қызығушылық туғызуда. Оның мысалы ретінде, жоғарғы оқу орындарында ашылып жатқан Абай атындағы зерттеу институттарын, жыл сайын өткізілетін Абайдың

шығармашылығына байланысты халықаралық, республикалық деңгейдегі конференцияларды, мемлекеттік деңгейдегі, «Абай оқулары» сынды іс-шараларды, «Абай-Верн» сынды академиялық ұтқырлыққа бағытталған бағдарламаларды атап өтсек болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында отандық және шетгiлдiк ғалымдардың ғылыми-теориялық әдебиеттерiне, абайтану және Абай шығармаларын аудару мәселесiне арналған әдебиеттерге, ғылыми мақалалар мен еңбектерге, аударма жинақтарға теориялық талдау жасалынды. Зерттеу жұмысы барысында түпнұсқа мәтiндегi Абайдың өлеңдерi мен көркем аударма мәтiндерiн салғастыру, мәтiндiк талдау сынды әдiстер қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Абайдың ағылшын тiлiндегi аудармаларын салыстыра оқыту қазақ тiлiн жоғарғы оқу орынында оқып-үйренетiн шетелдiк студенттерге арналған бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады. Ең алдымен, студенттердiң деңгейiне сәйкес оқу бағдарламасы құрылып, соның мазмұнына қарай жоспарға сай тақырып және тапсырмалар жүйесi анықталады. 1-кестеде берiлген ЖОО ұйымдары үшiн «Қазақ тiлi» пәнi бойынша бағдарламасынан А1, яғни қазақ тiлiн бастапқы деңгейде оқып жатқан студенттерге бағдарламаның 8-аптасында «жыл мезгiлдерi, апта күндерi» тақырыбы берiлген. Осы тұста Абайдың жыл мезгiлдерi жайында жазған өлеңдерiн түпнұсқа және аударманы салыстыра талдау негiзiнде көрсету ұсынылады. Студенттердiң жалпы санына сәйкес бiрнеше топтарға бөлiп, Абайдың 4 мезгiлге қатысты өлеңдерiн аударма мәтiнмен ұсыну қажет.

Кесте 1 – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейiнгi бiлiм беру ұйымдары үшiн «Қазақ тiлi». Бастауыш деңгей (А1).

Жалпы бiлiм беретiн пәннiң үлгiлiк оқу бағдарламасының мазмұны
Бастауыш деңгей (А1 – шетелдiк студенттерге)

№	Пәннiң мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыбы	Студенттiң өздiк жұмыс тақырыптары	Сағат саны
8 апта: Жыл мезгiлдерi, апта күндерi				
	Коммуникацияға қатысу: жыл мезгiлдерi, ауа-райы, табиғат. Сын есiмдердiң топтары (негiзгi, туынды). Сын есiмдер мен зат есiмдердiң байланысы.	Жыл мезгiлдерi, ауа-райы, табиғат	Өз мемлекетiндегi жыл мезгiлдерiнiң ерекшелiктерi туралы қазақша әңгiмелеу (сипаттау, зат есiм мен сын есiмдердi қолдану)	10

Кесте 2 – Абайдың жыл мезгілдеріне қатысты өлеңдерінің түпнұсқа және аударма мәтіні.

<p>Summer When summer in the mountains gains its peak, When gaily blooming flowers begin to fade, When nomads from the sunshine refuge seek Beside a rapid river, in a glade, Then in the grassy meadows here and there The salutatory neighing can be heard Of varicoloured stallion and mare. Translated by Dorian Rottenberg [3, 42]</p>	<p>Жаз Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай, шалғын, бәйшешек, Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге, Көшіп ауыл қонғанда; Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып, ыңқылдап. Абай [7, 37]</p>
<p>Autumn The clouds are grey and gloomy, boding rain. An autumn mist envelops the bare earth. Chasing each other through the spacious plain, To warm themselves, run foals of last year's birth. Translated by Dorian Rottenberg [4, 29]</p>	<p>Күз Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан. Абай [7, 36]</p>
<p>Winter In white clothes, powerful, grey-bearded, he walks on regardless like a dumb, blind man. His face is stern, covered in snow-dust, and he walks on, with creaking steps, he'll come in by and by. Translated by Richard McKane [5, 77]</p>	<p>Қыс Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. Абай [7, 30]</p>
<p>Spring Spring came and melted the snow and ice. The earth was covered in soft velvet. Freed from winter's hibernation and heartache all that lives clings with its heart to warmth and light. Translated by Richard McKane [6, 66]</p>	<p>Жазғытұры Жазғұтыры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі. Абай [7, 34]</p>

Тапсырма: Оқу бағдарламасына сәйкес тақырып сын есім және зат есімнің байланысы, заттарды, құбылыстарды сипаттауға қатысты болғандықтан, түпнұсқа өлең мен аударма өлеңнің мәтінінен сын есімдер мен зат есімдерді бөліп, кестеге жазу қажет (кесте 3); жыл мезгілін сипаттау барысында сын есім

мен зат есімнің мағыналық байланысын, аударма өлеңнің мәтініне қарай Абайдың түпнұсқа өлеңінің мәні жайында қысқаша түсініктеме айту. Үлгі:

Кесте 3 – Түпнұсқа және аударма өлеңдердегі сын есімдер мен зат есімдердің мағыналық байланысы

Autumn		Күз	
Noun: clouds earth plain foals	Adj.: grey, gloomy bare spacious of last year's (birth)	Зат есім: бұлт тұман жылқы, тай, бие	Сын е.(сипаттау): сұр, түсі суық дымқыл тойған, тоңған
Summer		Жаз	
Noun: flowers river meadows neighing stallion and mare	Adj.: blooming rapid grassy salutatory varicoloured	Зат есім: көкорай, шалғын, бәйшешек өзен жылқы ат, айғыр, биелер	Сын есім (сипаттау): ұзарып өскен, толған күркіреп жатқан шұрқырап жатқан бүйірі шығып, ыңқылдап
Winter		Қыс	
Noun: he man	Adj.: In white clothes, powerful, grey- bearded dumb, blind	Зат есім: (қыс)	Сын есім (сипаттау): ақ киімді, денелі, ақ сақалды, соқыр, мылқау, танымас тірі жанды
Spring		Жазғұтыры	
Noun: velvet	Adj.: soft	Зат есім: жүзі	Сын есім (сипаттау): масатыдай

3-кестеден байқайтынымыз, зат есімді не құбылысты сипаттауда сын есімнің атқаратын рөлі зор. Абайдың түпнұсқа өлеңін қазақ тілінде сөйлеушінің деңгейінде қабылдай алмаса да, осы тәрізді жаттығулар жасау арқылы шетелдік студенттер салыстырмалы талдау арқылы қазақтілді аутентивті мәтінмен жұмыс жасай алады. Сын есімнің орынына, басқа да сөз таптарын талдауға, соған сәйкес жаттығуларды түрлендіруге болады. Нәтижесінде тіл оқытудағы барлық 4 дағдыны (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) үйрету жүзеге асады.

Орта деңгейдегі (B1) студенттерге Абайдың өлеңдерінен басқа әндерін, қарасөздерін аутентивті материал ретінде ұсынуға болады. 4-кестеде

берілгендей, орта деңгейдің тақырыптары күрделірек, соған сәйкесінше тапсырмалар қызықты әрі ауқымды болғаны абзал.

Кесте 4 – Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін «Қазақ тілі». Орта деңгей (B1).

Жалпы білім беретін пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны
Орта деңгей (B1)

№	Пәннің мазмұны	Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыбы	Студенттің өздік жұмыс тақырыптары	Сағат саны
13 апта: Әдебиет және өнер				
	Қазақ халқының рухани, мәдени мұрасы, оның ерекшеліктері. Проза және поэзия жанры туралы мәлімет. Танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндерді бағалау және қорытындылау. Себеп-салдар, ыңғайластық жалғаулықтар (бастап, бері, кейін, сонымен, сондықтан, себебі, өйткені, сол себепті, алайда, қарағанда, салыстырғанда).	Проза және поэзия	Абай шығармалырының ішінен ұнаған бір өлеңді таңдап, мәнерлеп айту	10

Сабақтың өту барысын түрлендіру үшін әрі тыңдалым мен оқылым, айтылым мен жызылым дағдыларын дамыту мақсатында Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнінің түпнұсқасын тыңдау, әннің аудармасы негізінде оқытушы ұсынатын парақта берілген мәтіндегі бос орындарды толтыру тапсырма ретінде ұсынылады.

Тапсырма: Ең алдымен, студенттер «Желсіз түнде жарық ай» әнінің аударма мәтінімен танысады. Жалпы өлең не жайында екендігін анықтап, түсінген соң, оқытушы түпнұсқа мәтін жазылған парақтарды таратады. Алайда, түпнұсқа мәтінде кейбір сөздердің орыны бос, түсіп қалған, яғни, тыңдалым барысында (YouTube) студенттер сол бос орындарды толтырулары қажет.

Үлгі: Аударма мәтінмен танысу (Dorian Rottenberg аудармасы) [8, 32]:

In the silent, luminous night On the water the moonbeams quiver. In the gully beyond the aul Tumultuous, roars the river	The leaves of the thick-crowned trees Whisper on hill and date. The earth lies sleeping beneath A shimmering emerald veil
---	--

- «Желсіз түнде жарық ай» (Абай) мәтіні [9, 238]:

Желсіз түнде (1) ____ ай, Сәулесі (2) ____ дірілдеп. (3) ____ жаны терең сай, Тасыған (4) ____ күрілдеп.	Қалың ағаш (5)____ , (6) ____ өзді-өзі, Көрінбей (7)____ топырағы Құлпырған (8)____ жер жүзі.
---	--

1-8 аралығында түсіп қалған өлең сөздері (жарық; суда; Ауылдың; өзен; жапырағы; Сыбырласып; жердің; жасыл)

Ютуб желісіндегі сілтеме бойынша (<https://www.youtube.com/watch?v=fLqXLryH8xk>) [10] әнді қосып, тыңдалым барысында мәтіндегі бос орындарды толтырады.

Тапсырманы орындағаннан кейін, оқытушы тексеру жұмысын жүргізген соң, грамматикалық қателер немесе сөзді анықтай алмаған жағдайда түсіндірме сабағы жүргізіледі. Қатемен жұмыс аяқталған соң, ән қайтадан дайын мәтінмен тыңдалады. Осындай жаттығудың көмегімен оқылм, жазылым дағдысы ғана емес, әсіресе тыңдалым мен айтылым дағдыларына жақсы септігін тигізері анық. Студенттердің өздік жұмысы ретінде Абайдың кез келген өлеңін мәнерлеп жаттау, және мағынасы жайында түсініктеме беруді ұсынуға болады.

Нәтижелер. Абайдың 175 жылдық мерейтойына байланысты мемлекет басшысының өз басқаруымен жүзеге асырған айтулы шарасының ең маңызды жаңалығы ретінде Абайдың шығармаларын өзге тілдерге аудару жұмысы болды. Жоба аясында аударманың сапалы әрі мазмұнды болуына ерекше мән берілді. Аударма ісі мен жинақ басылымының ұйымдастырылу жұмысына әр тілде сөйлейтін аса тәжірибелі, тиісті тәжірибесі мен білім бар, білікті мамандар, аударылатын тілдің мәдениеті мен әдебиетін таныстыратын, көркем аудармаға маманданған ең беделді баспа ұйымдары таңдалып, аударма ісіне ат салысқан еді.

Абай шығармаларын шетелдік студенттерге оқыту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылық арттырып қана қоймай, ұлттық-мәдени құндылықтармен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып сында ауқымды мәліметтерді оқыта және үйрете аламыз. Тіл – коммуникативті құрал, ұлттық кодтың бірлігі. Өзге тілді оқу, үйрену арқылы сол ұлтқа тән өзіндік ұлттық құндылықтардың да қалыптасары сөзсіз. Оқыту барысында аутентивті материалдарды қолданудың қосар үлесі зор. Абайдың ағылшын тіліне аударылған өлеңдерін, қарасөздерін тіл үйренуші деңгейіне қарай типтік бағдарлама негізінде оқыту процесінде қолдану арқылы оқыту жұмысын түрлендіруге болады. Қарапайым сөз табу жаттығуларынан бастап, диалог, монолог ретінде де, рөлдік ойындар, аударма мәтін мен түпнұсқа мәтінді мағыналық, стилистикалық жағынан салыстыру, автор мен аудармашының шығармаға қатысты ойларының ортақтастығы немесе аудармашының шығарманы өзінің әлемдік бейнесіне сай бастапқы идеяны

бұрмалауы сынды сұрақтар мен тапсырмаларды оқыту мазмұны мен студенттердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сай, тілді үйрену деңгейіне сай күрделендіруге не болмаса жеңілдетуге болады.

Абайдың аудармаларын қосымша түсініктеме құрал ретінде қолданып, негізгі зейінді түпнұсқа материалдарға, Абайдың шығармаларын оқыту арқылы қазақ тілі мен әдебиетінің әдемілігі мен өзіндік ерекшелігіне аудару қажет. Тек Абайдың өзін оқыту арқылы тілді оқытудың барлық 4 дағдысын: оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым қалыптастыруға болады.

Қорытынды. Қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған айтулы тұлғалардың бірі, ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы. Өз заманынан озған, айтылған ғақлия сөздері әлі де құндылығын жоғалтпаған Абайдың шығармашылығын зерттеу 1950-жылдары кең өріс ала бастап, әсіресе Абайдың 150 жылдығын ЮНЕСКО қарамағына алған тұста жаңдана түсті. Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жобасы негізінде өз бастауымен Абайдың шығармалары білікті де білімді, тәжірибелі аудармашылар мен мамандардың жұмыла атқарған жұмысының нәтижесінде 10 тілге аударылды. Абайдың шығармашылығын басқа тілдерге аудару тек қана Абайға ғана емес, жалпы қазақ тіліне, қазақ еліне, әдебиетіне, тарихына деген қызығушылықты тудыраы анық. Оның мысалы ретінде, жоғарғы оқу орындарында ашылып жатқан Абай атындағы зерттеу институттарын, жыл сайын өткізілетін Абайдың шығармашылығына байланысты халықаралық, республикалық деңгейдегі конференцияларды, мемлекеттік деңгейдегі, «Абай оқулары» сынды іс-шараларды, «Абай-Верн» сынды академиялық ұтқырлыққа бағытталған бағдарламаларды атап өтсек болады.

Қазақстандық ғалымдар, шетелдік әдебиеттанушылар, жазушылар мен ақындар, абайтанушылар, аудармашылар ұлы Абайдың ақындық және прозалық мұрасын зерттеп, насихаттау барысында Абай халықаралық деңгейде танылуда. Абайдың шет тілдеріне аударылған еңбектері шетелдік оқырманнардың көңілінен шығып, жоғары баға алуда. Ақын, философ, композитор ретінде Абайдың көпжанрлы шығармашылық мұрасы – өлеңдері, поэмалары, философиялық эсселері мен қарасөздері әлемдік әдебиеттің баға жетпес қазынасы болып табылады. Абай шығармаларын шетелдік студенттерге оқыту арқылы қазақ тіліне деген қызығушылық арттырып қана қоймай, ұлттық-мәдени құндылықтармен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып сында ауқымды мәліметтерді оқыта және үйрете аламыз. Абайдың ағылшын тіліне аударылған өлеңдерін, қарасөздерін тіл үйренуші деңгейіне қарай типтік бағдарлама негізінде оқыту процесінде қолдану арқылы оқыту жұмысын түрлендіруге болады. Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра оқыту тілдік дағдыларды қалыптастыру мен оқытуды тиімді жүргізуге ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы, 8 қаңтар 2020 ж. – [Электронды ресурс] https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy. (Өтінім берілген күн: 08.02.2023)
2. Ағдари Ж., Абайдың Қара сөздері алғаш рет Индонезия тіліне аударылды // Абай Әлемі. Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналған онлайн-энциклопедия, 01.10.2020 – [Электронды ресурс]. – <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1636>.
3. Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. (Ағылшын тілінде). Printed in the Union of Soviet Socialist Republics. – 1970. – 193 б.
4. Abai (Ibrahim) Kunanbaev. Poems. – Semey: EL. – 2017. – 152 p.
5. Abai: Book of words. – Almaty: EL Bureau. – 1995. – 219 p.
6. Abai. Book of words. Semey: Abai international club. – 2005. – 184 p.
7. Абай. Қарасөз. Книга слов. Book of words. – Алматы: Международный клуб Абая». – 2009. – 338 б.
8. Abai Kunanbaev. Selected poems. Translated from Russian. – Alma-Ata: Zhazushy. – 1985. – 176 б.
9. Абай Ибраһим Құнанбаев шығармаларының толық жыйнағы. Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы. – Алматы. – 1945. – 538 б.
10. «Желсіз түнде жарық ай» әні. – [Электронды ресурс]. – <https://www.youtube.com/watch?v=fLqXLryH8xk>.

Ж.Б. БОЛАТБЕКОВА

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск,
Казахстан

Б. Д. ЖУМАКАЕВА

Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СРАВНИТЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКИХ ПЕРЕВОДОВ АБАЯ

Аннотация. Цель исследования – рассмотреть теоретические основы обучения произведений Абая на английском языке в результате повышения интереса к казахской литературе и культуре.

Наследие Абая, главного казахского поэта, занимает особое место не только в казахской, но и в мировой литературе. Причина в том, что Абай – уникальная личность, которая не осталась в рамках одного народа, а поднялась на духовные высоты всего человечества. Вопросы, поднятые в произведениях Абая, актуальны не только для казахского народа, но и для представителей других национальностей. В произведениях поэта обсуждались ценности, присущие роду человеческому, а его размышления о природе жизни были

хорошо восприняты зарубежными читателями. Интерес к Абаю возрастает с каждым годом. Работа по переводу произведений поэта расширилась от перевода на языки соседних стран, а затем в 1995 году, когда вся мировая общественность отмечала 150-летие Абая под эгидой ЮНЕСКО.

Сравнение английских переводов Абая с оригинальным текстом позволяет не только повысить интерес иностранных учащихся к казахскому языку и казахской литературе, но и создать возможности для более глубокого объяснения и представления национальных особенностей и ценностей.

Ключевые слова: Абай, стихотворения, переводы, сравнительное обучение, анализ текста.

ZH. B. BOLATBEKOVA

Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

B. D. ZHUMAKAYEVA

Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

THEORETICAL FOUNDATIONS OF COMPARATIVE TEACHING OF ABAY'S ENGLISH TRANSLATIONS

Annotation. The purpose of the article is to consider the theoretical foundations of teaching Abai's works in English as a result of increasing interest in Kazakh literature and culture.

The heritage of Abai, the main Kazakh poet, occupies a special place not only in Kazakh, but also in world literature. Abay is a unique person who did not remain within the framework of one nation, but rose to the spiritual heights of all mankind. The issues raised in the works of Abai are relevant not only for the Kazakh, but also for representatives of other nationalities. The poet's works discussed the values inherent in the human race, and his reflections on the nature of life were well received by foreign readers. The work of translating the poems of the poet expanded from translation into the languages of neighboring countries, and then in 1995, when the entire world community celebrated the 150th anniversary of Abai under the auspices of UNESCO.

Comparison of the English translations of Abai with the authentic text allows not only to increase the interest of foreign students in the Kazakh language and Kazakh literature, but also to create opportunities for a deeper explanation and presentation of national characteristics and values.

Keywords: Abai; poems; translations; comparative teaching; text analysis.

References

1. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Abai jäne XXI ğasyrdağy Qazaqstan» maqalasy, 8 qañtar 2020 j. – [Electronic resource]

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakistan-atty-makalasy.

2. Aғdari J., Abaidyñ Qara sözderi alğaş ret İndonezia tiline audaryldy // Abai Älemi. Üly oişyldyñ ömiri men şyğarmaşylyğyna arnalğan onlain-ensiklopedia, 01.10.2020 – [Electronic resource]. – <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1636>.

3. Abai Qūnanbaev. Tañdamaly öleñder men poemalar. (In English), Printed in the Union of Soviet Socialist Republics. – 1970. – 193 b.

4. Abai (Ibrahim) Kunanbaev. Poems. – Semey: EL. – 2017. – 152 p.

5. Abai: Book of words. – Almaty: EL Bureau. – 1995. – 219 p.

6. Abai. Book of words. Abai international club. Semey. – 2005. – 184 p.

7. Abai. Qarasöz. Kniga slov. Book of words. Mezhdunarodnyj klub Abaja. – 2009. – 338 b.

8. Abai Kunanbaev. Selected poems. Translated from Russian. – Alma-Ata, Zhazushy. – 1985. – 176 b.

9. Abai İbrahim Qūnanbaev şyğarmalarynyñ tolyq jyinağy. Qazaqtyñ bırıkken memlekettik baspasy. – Almaty. – 1945. – 538 b.

10. «Jelsız tünde jaryq ai» äni. – [Electronic resource]. – <https://www.youtube.com/watch?v=fLqXLryH8xk>.

Авторлар туралы мәлімет:

Болатбекова Жанерке Болатбекқызы – С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің докторанты, Өскемен, Қазақстан.

Болатбекова Жанерке Болатбекқызы – докторант Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Bolatbekova Zhanerke Bolatbekkyzy – doctoral student of S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Жұмақаева Береке Даулетхановна – педагогика ғылымдарының докторы, Сүлейман Демирел атындағы университеттің профессоры, Қаскелең, Қазақстан.

Жумакаева Береке Даулетхановна – доктор педагогических наук, профессор Университета Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан.

Zhumakayeva Bereke Dautletkhanovna – doctor of pedagogical sciences, Professor of Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan.